



ҚҰРМЕТТІ ТАЛАПКЕРЛЕР!

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Химия және химиялық технология факультеті, химиялық бағыттағы білім беру бағдарламаларының ұлттық рейтингінде жетекші орынға ие болып отырған Қазақстанның жетекші ғылыми-білім беру орталықтарының бірі болып табылады.

Қазіргі уақытта факультетте 1500-ден астам студент 21 мамандық бойынша үш деңгейде білім алады. Индустрия мен ғылым саласында біліктілігі жоғары мамандарды даярлау үшін, барлық білім беру бағдарламалары жыл сайын еңбек нарығының қажеттілігін ескере отырып жаңғыртылып отырады, сондай-ақ бұл бағдарламалар ASIIN халықаралық агенттігімен аккредитацияланған.

Факультет құрамында ғылыми-технологиялық көп салалы кластерлер моделі бойынша жұмыс атқаратын алты кафедра, үш Ғылыми зерттеу институты бар. Факультет ұжымында 50-ден астам ғылым докторлары, 100-ден астам ғылым кандидаттары мен PhD докторлары қызмет етеді. Оқу барысында студенттердің теориялық білімдерін практикамен ұштастыра отырып ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысуына, өз қабілеттерін толықтай ашып заман талабына сай құзыретті маман болып шығуына барлық жағдай жасалынған.

Құрметті мектеп бітіруші жас түлек! Жақында Сіз өміріңіздегі ең маңызды шешімдердің бірін қабылдайсыз, яғни өз қалаған мамандығыңыз бойынша білім алатын оқу орны мен факультетті таңдайсыз. Бұл өте жауапты іс, өйткені мамандықты дұрыс таңдау Сіздің одан әрі жалғасатын өмір жолыңыздың бағытын айқындайды. Егер Сіз ертеңгі күнге сенімді болғыңыз келсе, Егер Сіз еңбек нарығында сұранысқа ие маман болғыңыз келсе, Егер Сіз көп қырлы белсенді студенттік өмір туралы армандайтын болсаңыз, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ химия және химиялық технология факультетіне оқуға түсіңіз. Біздің есігіміз Сіздер үшін әрқашан ашық!



**ТАСИБЕКОВ
ХАЙДАР СУЛЕЙМАНҰЛЫ**
Факультет деканы
қауымдастырылған
профессор



ТҮЛЕКТЕР ҚАЙДА ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ...

В053 - Химия

М089 - Химия

«Химия» мамандығын бітірген түлектер аналитикалық, экологиялық, кедендік, санитарлы-эпидемиологиялық, сертификациялық қызметтердің өндірістік зертханаларында, химиялық, мұнай-химиялық, экологиялық, металлургиялық, экспертті-криминал лабораторияларында, жалпы білім беретін мекемелерде (колледждер, ЖОО) химик-аналитик, химик-эколог, химик-технолог, эксперт-химик, оқытушы, агрохимик, геохимик, фармацевт, биохимик қызметтерін атқара алады.

6В05311 - Наноматериалдар мен нанотехнологиялар

Наноматериалдар және нанохимия» мамандығының түлегі компьютерлік зертханаларда, ұялы байланыс жиынтығын жасауда, әртүрлі процестерге байланысты датчиктер құрастыруда, радиоэлектроникада, ақпараттық салада, энергетикада, құрылыста, өнеркәсіпте, ұлттық қорғанысқа, көлікке арналған датчиктер жасауда жұмыс істей алады. , биотехнология, медицинада, косметика, ғылыми-зерттеу мекемелерінде (институттар, зертханалар) және білім беру мекемелерінде (колледждер, университеттер) қызмет атқара алады.

7 М07122 – « Химиядағы наноматериалдар және нанотехнологиялар

7 М 07121 – « Химиядағы наноматериалдар және нанотехнологиялар (қос дипломдық РХДУ)

7 М07131 – «Химиядағы наноматериалдар және нанотехнологиялар (қос дипломдық МИСиС)

8 D 07113 - Химиядағы наноматериалдар және нанотехнологиялар

«Химиядағы наноматериалдар және нанотехнологиялар» мамандығын тәмамдаған түлектер мұнай-химия және мұнай өңдеу мәселелеріне байланысты ғылыми-зерттеу институттарында, өндірістік корпорацияларда, бизнес құрылымдарында, мұнай өңдеу өндіріс орындарында; қорғаныс өнеркәсібінде, экология және медицина салаларында, ғылыми-зерттеу институттарында, орта және жоғары білім беру мекемелерінде инженер-зертханашы, наноматериалдар жөніндегі маман, аспаптар мен құрылғыларды пайдалану жөніндегі маман, инженер-зерттеуші, инженер-конструктор, инженер-электроншы қызметтерін атқара алады.



В060 - Химиялық инженерия және үдерістер

М097 - Химиялық инженерия және үдерістер

«Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығын бітірген түлектер минералды шикізатты өңдеу кәсіпорындарында; металлургия және тау-кен өнеркәсібінің комбинаттарында; құрылыс, керамикалық композиционды материалдар өндірісінің зауыттарында; электрохимиялық өндірістердің кәсіпорындарында; зауыттық, цехтық және ғылыми зерттеу лабораторияларында, жалпы білім беретін мекемелерде (колледждер, ЖОО) өндіріс операторы; химик-технолог, инженер-технолог, бас технолог, сапа, өнім жөніндегі менеджер, өндірістік циклді басқарушы, оқытушы қызметтерін атқара алады.

В060 - Химиялық инженерия және үдерістер

М097 - Химиялық инженерия және үдерістер

«Органикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығы бойынша бітіруші түлектердің кәсіби қызметінің негізгі нысандары органикалық заттарды өндіру; мұнай, газ, көмір және полимерлерді өңдеу, қатты және сұйық зым-ран отындарын өңдеу, көмірсутек шикізатын дайындау, өндіру және тасымалдау кәсіпорындарында; ғылыми-зерттеу және жобалау салалық институттары; медициналық-биологиялық істер және өсімдіктерді химиялық қорғау салалары; тамақ, парфюмерлік және фармацевтикалық өнеркәсіп орындары болып табылады. Бұл салаларда бітіруші түлектер химик-технолог, техник технолог, инженер-химик, жетекші инженер, мұнай өндіру және мұнай-химия өнеркәсібінің сапасын бақылау бөлімінің маманы; агрохимиялық, фармацевтикалық және тамақ өндірісінің сапасын бақылау бөлімінің маманы; технолог-шебер, білім беру орындарының оқытушысы қызметтерін атқара алады.

В072 - Фармацевтикалық өндірістердің технологиясы

М072 - Фармацевтикалық өндірістердің технологиясы

«Фармацевтикалық өндірістердің технологиясы» мамандығын тәмамдаған түлектер фармацевтика кәсіпорындары мен әртүрлі меншік нысанындағы фармацевтикалық фабрикалардың дәрілік препараттарды өндіру салаларын да; фармацевтикалық субстанцияларды, парфюмерлік-косметикалық және биотехнологиялық өнімдерді өндіру жөніндегі кәсіпорындарда; парфюмерлік-косметикалық бағытындағы кәсіпорындарда; биологиялық белсенді қоспаларды, емдеу-профилактикалық сусындарды, санитарлық-гигиеналық құралдарды өндіру жөніндегі кәсіпорындарда фармацевтикалық өндірістің технологтары, химик-технологтар, маркетингтер, фармацевт қызметтерін атқара алады.

В060 - Химиялық инженерия және үдерістер

М097 - Химиялық инженерия және үдерістер

Химиялық инженерия мамандығы 2019 жылы ашылды. Оқыту тілі — ағылшын тілі. Түсу кезінде міндетті түрде ағылшын тілінен емтихан тапсырғаны туралы сертификаттың болуы тиіс (IELTS > 5.0, TOEFL IBT > 60, CEFR > B1).

Бұл білім бағдарламасының тобы бойынша оқу бітірген түлек минералдық шикізатты қайта өңдеу, химия, экологиялық, агрохимия, мұнай-химия, фармацевтика өнеркәсібі өнімдерін өндіру және сату жөніндегі кәсіпорындарда; металлургия және тау-кен өндіру өнеркәсібінің комбинаттарында; құрылыс, керамикалық композициялық материалдарды өндіру жөніндегі зауыттарда; электрохимиялық өндіріс кәсіпорындарында (оның ішінде шетелдік лицензиялар мен өндіріске арналған технологиялық құжаттаманы пайдаланатын өнеркәсіптік кәсіпорындарда), зауыттық, цехтық және ғылыми-зерттеу зертханаларында, ведомстволық басқармаларда өндіріс операторы, химик-технолог, инженер-технолог, сапа жөніндегі менеджер, өнім жөніндегі менеджер, өндірісті басқарушы, орта, кәсіптік және жоғары білім беру саласындағы оқытушы лауазымдарында қызметтерін атқара алады.



M013 - Химия педагогтерін даярлау

Химия (педагогикалық) мамандығын тәмамдаған түлек орта кәсіптік және жоғары білім беру ұйымдарында; ғылыми-зерттеу институттарында; білім беру саласындағы уәкілетті және жергілікті атқарушы әр түрлі оқу орындарында (мектептер, лицейлер, гимназиялар, колледждер, ЖОО және т.б.) химия пәнінің оқытушысы; өндірістік зертханаларда лаборант-химик қызметтерін атқара алады.

M097 - Химиялық инженерия және үдерістер

«Мұнайхимия» мамандығын тәмамдаған түлектер мұнай-, газ өңдеу зауыттарында; мұнай өңдеу мәселелерімен байланысты бизнес құрылымдарында; мұнай-химиясының ғылыми-зерттеу институттары мен жоғары оқу орындарында өндірістік-технологиялық, ұйымдық-басқару салаларының, мұнай және газ өңдеу зауыттарының басшылары; мұнай базаларында, ғылыми-зерттеу институттарын- да, өндірістік корпорацияларда мұнай-химиясы және мұнай өңдеу мәселелеріне байланысты бизнес құрылымдардағы сарапшылар; ғылыми қызметкер және оқытушы қызметтерін атқара алады.

M115 - Мұнай инженериясы

«Мұнай-газ ісі» мамандығын тәмамдаған түлектер мұнай өндіруші кәсіпорындарда, ғылыми-зерттеу және жобалау институттарында, жалпы білім беру орындарында; ғылыми-өндірістік орталықтарда; отандық және шетелдік мұнай-газ компанияларында, мемлекеттік мекемелерде; қоғамдық және саяси ұйымдарда бұрғылаушының көмекшісі, бұрғылаушы, мұнай және газ өндіру жөніндегі шебер, оператор, ұңғымаларды зерттеу жөніндегі оператор, қабаттық қысымын қолдау цехының операторы, мұнайды дайындау және айдау цехының операторы, ғылыми-зерттеу жұмыстары цехының операторы; ұңғымаларды жер астында және күрделі жөндеу шеберінің көмекшісі; қабат қысымын ұстау цехының супервайзері (мастер, учаске бастығы); мұнай және газ дайындау және айдау цехының супервайзері, лаборант, техник, инженер, ғылыми-зерттеу институтының кіші ғылыми қызметкері қызметтерін атқара алады.

7M05318 – Қос дипломдық химиялық физика (МИФИ)

7M05320 - Химиялық физика

«Химиялық физика» мамандығының түлегі ғылыми-зерттеу және жобалау институттарында, энергетика, жаңартылатын энергия көздеріне байланысты техникалық қызмет, шойын, болат және ферроқорытпалар өндірісі, ZD технологиясы, технологиялық процестерді модельдеу, жобалаумен айналысатын кәсіпорындарда жұмыс істей алады, тау-кен байыту және қорғаныс өнеркәсібі, типография, тау инженері.

7M07104 - Жарылғыш заттар мен пиротехниканың химиялық технологиясы

8D07103 - Жарылғыш заттар мен пиротехниканың химиялық технологиясы

«Жарылғыш заттар мен пиротехникалық құралдардың химиялық технологиясы» мамандығын тәмамдаған түлектер ғылыми-зерттеу және жобалау институттарында, сот сараптамасы ұйымдарында, жарылғыш заттар мен пиротехникалық заттар құрамдардын жобалау, әзірлеу және жасаумен айналысатын тау-кен байыту және қорғаныс өнеркәсіптерінің кәсіпорындарында техноло-жарушы, жарылғыш материалдарды бақылау операторы, криминалист, тау-кен кәсіпорындарындағы инженер, кинематографиядағы пиротехник, инженер-пиротехник қызметтерін атқара алады.



ВЫПУСКНИКИ - НАША ГОРДОСТЬ



**ЕРҒОЖИН
ЕДІА ЕРҒОЖАҰЛЫ**
1963 жылғы факультет түлегі,
ҚР ҰҒА академигі,
ҚазМУ ректоры
(1986-1988 ж.).



**АРЫСТАНБЕКОВА
АҚМАРАЛ ХАЙДАРҚЫЗЫ**
1971 жылғы факультет түлегі,
КазКСР Сыртқы істер
министрі
(1989-1991 ж.).



**ЖАРМЕНОВ
АБДУРАСУЛ АДДАШҰЛЫ**
1976 жылғы факультет түлегі,
ҚР ҰҒА академигі,
«ҚР минералдық шикізатты
кешенді Қайта өңдеу жөніндегі
Ұлттық орталығы»
РМК Бас директоры.



**ЖУМАКАНОВ
ВЛАДИМИР ЗЕЙНОЛЛОВИЧ**
1977 жылғы факультет түлегі,
генерал-лейтенант,
мемлекет қайраткері,
ҚР Ұлттық қауіпсіздік
комитетінің төрағасы
(2015- 2016 ж.ж.),
ҚР Қауіпсіздік кеңесінің
хатшысы, ҚР Президентінің
көмекшісі (2016-2018 ж.)



**ШӘМШИДИНОВА
КҮЛӘШ НОҒАТАЙҚЫЗЫ**
1979 жылғы факультет түлегі,
ҚР Білім және ғылым министрі
(2019 ж.), «Назарбаев
зияткерлік мектептері» АҚ
басқарма төрайымы
(2009-2019 ж.).



**КАТРАНОВА
ЗЕЛИНА ФАНИҚЫЗЫ**
1981 жылғы факультет түлегі,
«Восточное рудоуправление»
компаниясының
Бас директоры



ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ПРОГРАММЫ

БАКАЛАВРИАТ

6B053 Физикалық және химиялық ғылымдар

B053 - Химия

6B05301 – Химия

6B05311 – Наноматериалдар және нанохимия

6B071 Инженерия және инженерлік іс

B060 - Химиялық инженерия және үдерістер

6B07102 - Химиялық инженерия (ағылшын)

6B07103 - Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы

6B07104 - Органикалық заттардың химиялық технологиясы

6B072 Өндірістік және өңдеу салалары

B072 - Фармацевтикалық өндірістердің технологиясы

6B07201 - Фармацевтикалық өндірістердің технологиясы

B068 Тағам өнімдерін өндіру

6B07202 – Тағамдық химия және технология ағылшын тілінде

6B07203 – Тағамдық химия және технология

МАГИСТРАТУРА

M013 - Химия педагогтерін даярлау

7M01503 - Химия

M089 - Химия

7M05301 – Химия

7M05302 – Химия, БелМУ қос дипломдық бағдарлама, Ресей

7M05320 – Химиялық физика

7M05318 – Химиялық физика, МИФИ қос дипломдық бағдарлама, Ресей

7M05319 – Химиялық материалтану, ММУ, қос дипломдық бағдарлама, Ресей

M097 - Химиялық инженерия және үдерістер

7M07101 – Мұнайхимия

7M07102 – Мұнайхимия, УМУТУ, қос дипломдық бағдарлама

7M07103 - Химиялық инженерия

7M07104 - Жарылғыш заттар мен пиротехникалық құралдардың химиялық технологиясы

7M07105 - Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы

7M07106 - Органикалық заттардың химиялық технологиясы

M108 - Наноматериалдар мен нанотехнологиялар

7M07122 - Химиядағы наноматериалдар және нанотехнология

7M07121 – Химиядағы наноматериалдар және нанотехнология,

РХДУ, қос дипломдық бағдарлама, Ресей

7M07131 - Химиядағы наноматериалдар және нанотехнология,

МИСиС, қос дипломдық бағдарлама, Ресей

M115 - Мұнай инженериясы

7M07201 - Мұнай-газ істері

M072 - Фармацевтикалық өндірістердің технологиясы

7M07203 - Фармацевтикалық өндірістердің технологиясы



PHD ДОКТОРАНТУРА

D089 - Химия

8D05301 - Химия

D097 - Химиялық инженерия және үдерістер

8D07101 - Мұнайхимия

8D07102 - Химиялық инженерия

8D07105 - Органикалық заттардың химиялық технологиясы

8D07103 - Жарылғыш заттар мен пиротехникалық құралдардың химиялық технологиясы

8D07104 - Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы

D108 - Химиядағы наноматериалдар мен нанотехнологиялар

8D07113 - Химиядағы наноматериалдар және нанотехнология



PhD Ш.Н. Назаркулова
ғылыми-зерттеу
жұмыстарына химиялық
талдау жасауда

Жалпы және
бейорганикалық
химия кафедрасы

Аналитикалық, коллоидтық
химия және сирек элементтер
технологиясы кафедрасы

Физикалық химия,
катализ және мұнай
химиясы кафедрасы



Химия зертханасындағы
үлгілерді талдау жасауға
дайындау кезеңі

Органикалық заттар, табиғи
қосылыстар мен полимерлер
химиясы және
технологиясы кафедрасы

Химиялық физика
және материалтану
кафедрасы

Металдар және
минералдар технологиясы
кафедрасы



ФАКУЛЬТЕТІМІЗДІҢ БҮГІНІ МЕН ЕРТЕҢІ- СТУДЕНТТЕР

Химия және химиялық технология факультеті жәй ғана факультет емес...

Біздің факультет студенттерге жеке және кәсіби салада еркін өсу үшін барлық мүмкіндіктерді ұсынады. Сондай-ақ, кереметтей ҚазҰУ қалашығымызда жайлылық пен қауіпсіздікте оқуға және дамуға мүмкіндік береді.

Факультет оқытушылары жастарға терең ғылыми білім беріп қана қоймай, белсенді өмірлік ұстаным мен өзін-өзі дамытуына ықпал етеді, бұл әрбір адамның болашақ өмірі үшін аса маңызды.

Біздің факультет ҚазҰУ-да үздіктердің бірі болып табылады! Тілге тие кететін жайт, біздің студенттердің 90% - ы мемлекеттік грантта оқиды, ал ақылы негізде оқитын студенттерге грантқа ауысу мүмкіндігі беріледі.

Мен Қазақстан жастарының сапалы білім алғанын қалаймын, және олар үшін БІЗДІҢ ФАКУЛЬТЕТ ең дұрыс таңдау боларына сенімдімін! және химиялық технология факультетінің Студенттік Деканы ретінде бұл факультет студенттің жан-жақты дамуына барлық мүмкіндік сыйлай- ды деп толық сенімділікпен айта аламын! Химфак студентті тек сапалы біліммен ғана қамтамасыз етіп қана қоймай, санымен қатар, болашақ өмірде көп көмегін тигізетін белсенді, коммуникативті, бәсекеге қабілетті болуды үйретеді. Сол себептен, бұл факультет – ҚазҰУ-дағы ең үздік факультет екендігіне менің сенімім мол!

*Қуанышбай Наргиза,
химия және химиялық технология факультетінің студенті*



Мен Қытайдың Сяньдун провинциясындағы Хейлун- дян университетінің бакалаврын тәмамдаған жылы, жанұямызбен менің магистрлік оқуымды қайда және қай университетте жалғастыруым туралы ақылдас- тық. Мен оқуымды шетелде жалғастырғым келді. Осыған байланысты интернет желісі арқылы көптеген елдердің ЖОО таныстым. Бірақ менің таңдауым әл- Фараби атындағы ҚазҰУ-нің химия және химиялық технология факультетіне түсті. Себебі жүздеген оқу орындарының ішінде ҚазҰУ- дың мені, біріншіден тау етегіндегі орналасқан әсем көркімен, екіншіден химия факультетіндегі заман талаптарына сай жүргізіліп жатқан ғылыми зерттеулерінің бағытымен қызықтырды. Факультеттің оқы- тушы- профессорлар қауымы өте білікті, әрқашан жастарға білгендерін үйретуден жалықпайды. Осы жылы оқуымды бітіремін. Екі жыл ішінде мен фа- культет қабырғасынан өте жақсы білім алдым, тіпті университетті қимай кетіп бара жатырмын. Мен ҚазҰУ-дың химия мамандығында оқығанымды мақтаныш тұтамын.



*Ма Хуань,
2 курс магистрі*



СТУДЕНТТІК ӨМІР

Факультет корпусы Алматы қаласының көркем аудандарының бірінде «ҚазҰУ» қалашығы ретінде танымал университет кампусының аумағында орналасқан. Студенттер кампусында студенттің қолайлы өмір сүруіне, оқу және белсенді демалыс ұйымдастыруына барлық жағдайлар жасалған. Кампус құрамына оқу ғимараттары, студенттер үйі, кітапхана, Ө.А. Жолдасбеков атындағы студенттер сарайы, олимпиада чемпионы Д. Балаңдаин атындағы жүзу бассейні, спорт кешені, Интернет-орталық, «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығы, дүкендер кіреді.



«Ең үздік студенттік топ – 2019»
сайысында гран-при иегері атанған
«Химия - 201» топ студенттері
куратор-эдвайзерлері
PhD Л.К. Мылтықбаевамен



ОЗХТ мамандығының 3 курс
студенттері «Атырау мұнай өңдеу»
зауытында іс-тәжірибеден
өту кезінде



Студенттік көктем фестивалі




Республикалық ЖОО студенттер
олимпиадасында технологиялық
жоба құру сәті




ШЕТЕЛДІК ІС-ТӘЖІРИБЕ



Физикалық химия, катализ және мұнай химиясы кафедрасының магистранттары Пекин мұнай университетінде, ҚХР



Академиялық ұтқырлық бойынша Испанияның Валенсия университетіне семестрлік оқуға барған «Химия» мамандығының 2 курс магистранттары



«Аналитикалық, коллоидтық химия және сирек элементтер технологиясы» кафедрасының докторанты Абильдина Айназ Ольденбург университетінің ғылыми зерттеу лабораториясында, Германия



«Физикалық химия, катализ және мұнайхимия» кафедрасының магистранты Ахметбек Ермұхан, Венецияның Ка Фоскори Университетінің профессор Андрея Вавасоридің лабораториясында, Италия



ҚОС ДИПЛОМДЫҚ БІЛІМ БЕРУ

Магистратураның білім беру бағдарламасы бойынша шетелдік университеттермен 2 дипломдық магистрлік бағдарлама бойынша маман дайындау қарастырылған:



Клорд Бернард Лион-1
университеті
(Франция)



Пекин мұнай
университеті (ҚХР)



Д.И. Менделеев атындағы
Ресей химия-
технологиялық
университеті



Орал федералдық
университеті,
Екатеринбург қ.



Белгород мемлекеттік
ұлттық зерттеу
университеті



Ресей халықтар
достығы университеті
(РХДУ)



«МИСиС»
Ұлттық технологиялық
– зерттеу университеті



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
Химия және химиялық технология факультеті

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ



ОТАҢДЫҚ КӘСІПОРЫҢДАРМЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

